

№1 Өндірістік кеңес хаттамасы

*2022 жылғы
12 қыркүйек*

*Шымкент
қаласы*

Қатысқандар: 6

Күн тәртібінде:

1. Салауатты өмір салтын қалыптастыру және балаларды сауықтыру шараларының нәтижесі (шынықтыру шаралары, ұйқыдан кейінгі жаттығу, тыныс алу жаттығуы)

Меңгеруші Ильясова Ж.Қ.

2. Ағымдағы жұмыстарды, шолу тексеруінің қорытындысы

Меңгеруші Ильясова Ж.Қ.

3. Өрт қауіпсіздік ережелерінің сақталуы, шолу қорытындысы

Шаруа меңгерушісі

Тыңдалды:

Бірінші мәселе бойынша бөбекжай-бақша меңгерушісі Ильясова Ж.Қ. сөз алды, ол Салауатты өмір салтын қалыптастыру және балаларды сауықтыру шараларының нәтижесімен (шынықтыру шаралары, ұйқыдан кейінгі жаттығу, тыныс алу жаттығуы) таныстырды. Онда ол режимдік сәттегі балалардың физикалық дағдыларын күн бойы жүйелі түрде өткізу туралы айтты.

ҚАУЛЫ ЕТТІ:

Салауатты өмір салтын қалыптастыру және балаларды сауықтыру шараларын ұйымдастыру (шынықтыру шаралары, ұйқыдан кейінгі жаттығу, тыныс алу жаттығуы) жүйелі және сапалы жүргізілсін.

Екінші мәселе бойынша бөбекжай-бақша меңгерушісі Ильясова Ж.Қ. Ағымдағы жұмыстарды, шолу тексеруінің қорытындысымен таныстырды.

ҚАУЛЫ ЕТТІ:

Серуенді дұрыс ұйымдастыру, режимдік сәттерді сақтау.

Үшінші мәселе бойынша Ол оқу жылындағы өрт қауіпсіздігі ережелерін сақтау бойыншы тексеру қорытындысы туралы сөз бастады. Қызметкерлермен өрт қауіпсіздігі бойынша нұсқаулықтар жүйелі жүргізіліп жатқанын айтып, тексеру қорытындысымен таныстырды. Қорытындылай отырып шаруа меңгерушісі топтардағы ұйымдастылыған қауіпсіздік ережесі мен шаралары өз деңгейінде өтіліп жатқанын айтты.

ҚАУЛЫ ЕТТІ:

Өрт қауіпсіздігі ережелерінің сақтау бойынша тексеру қорытындысы қанағаттанарлық деп есептелінсін.

Меңгеруші

Хатшы



Ильясова Ж.Қ.

Рахимова Б.

№2 Өндірістік кеңес хаттамасы

*2023 жылғы
19 қаңтар*

*Шымкент
қаласы*

Қатысқандар: 6

Күн тәртібінде:

1. Ішкі еңбек тәртібінің сақталуы, қызметкерлердің өз міндеттерін жүйелі атқаруы

Меңгеруші Ильясова Ж.Қ.

2. Балалардың тамағын ұйымдастыру (тамақтану жөнінде ата-аналармен жүргізілген сауалнамалар, тамақтану қорытындысы)

Медбике

3. Азаматтық қорғаныс іс- шараларының орындалу нәтижелері

Меңгеруші Ильясова Ж.Қ.

Тыңдалды:

Бірінші мәселе бойынша бөбекжай-бақша меңгерушісі Ильясова Ж.Қ. сөз алды, ол ішкі еңбек тәртібінің сақталуы, қызметкерлердің өз міндеттерін жүйелі атқаруы туралы айтты.

ҚАУЛЫ ЕТТІ:

Ішкі еңбек тәртібі сақталсын, қызметкерлер өз міндеттерін сапалы орындасын.

Екінші мәселе бойынша бөбекжай-бақша медбикесі балалардың тамағын ұйымдастырды (тамақтану жөнінде ата-аналармен жүргізілген сауалнамалар, тамақтану қорытындысы), ол бөбекжай-бақшаның денсаулық сақтау ортасының мазмұны жайлы, демек алдымыз күз мезгілі, тұмаумен жиі ауратын балалар туралы айтылды, бақшада желдету шараларын жүргізу бала жоқ кезде жасалуы тиіс екенін, сосын балалар ұйқыға жатар кезде барлық баланың ұйқыға арналған киімін кигізіп жатқызу керек екенін айтты. Балалардың сұранғаны, демалыста, аурып келмей жүрген балалар жайлы

күнделікті біліп отыруды, баланы серуенге шығарар алдында мезгілге сай киіндіру керектігін айтты.

Сөз сөйлегендер:

Менгеруші Ильясова Ж.Қ. сөз алды, шынықтыру шараларының жүйелі орындалуының жағдайы туралы сұрап, бақылауға алуды тапсырды.

ҚАУЛЫ ЕТТІ:

1. Шынықтыру шаралары жүйелі орындалсын.
2. Келмей жүрген балалар туралы есепті күнделікті медицина қызметкерлеріне тапсыру.

Үшінші мәселе бойынша Азаматтық қорғаныс іс-шараларының орындалу нәтижелері күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша бөбекжай-бақша меңгерушісі Ильясова Ж.Қ. сөз алды. Ол «Азаматтық қорғаныс жаттығуларын» өткізу бойынша 1 Наурыз-Бүкіл дүние жүзілік Азаматтық қорғау күніне орай «Азаматтық қорғау және зілзалалардың қауіп-қатерін болдырмау үшін азаматтық қоғамды дайындау» тақырыбында іс-шара жақсы өткізілгенін айтып өтті. Жер сілкінісі кезіндегі қорғаныс жоспары бойынша және сейсможаттығу өткізуге дайындық жайлы қызметкерлермен жиналыс өтілгені туралы, еңбек қауіпсіздігі, сонымен әлемде болып жатқан апатты жағдайлар жөнінде айтылды. Қорыта айтқанда азаматтық қорғаныс және төтенше жағдай бойыншы жұмыс жоспары өз дәрежесінде орындалуда.

ҚАУЛЫ ЕТТІ:

Азаматтық қорғаныс және төтенше жағдай бойыншы жұмыс жоспарының орындалуы қанағаттанарлық деп саналсын.

Меңгеруші

Хатшы



Ильясова Ж.Қ.

Рахимова Б.

№3 Өндірістік кеңес хаттамасы

2023 жылғы
29 мамыр

Шымкент
қаласы

Қатысқандар: 5

Күн тәртібінде:

1. Жазғы мезгілде балалардың өмірі мен денсаулығын қорғау бойынша қауіпсіздік ережелері

Меңгеруші Ильясова Ж.Қ.

2. Өрт қауіпсіздік ережелерін сақтау

Шаруа меңгерушісі

3. Қызметкерлердің демалыс кестесін талқылау және бекіту

Меңгеруші Ильясова Ж.Қ.

Тыңдалды:

Бірінші мәселе бойынша бөбекжай-бақша меңгерушісі Ильясова Ж.Қ. сөз алды, ол жазғы мезгілде балалардың өмірі мен денсаулығын қорғау бойынша қауіпсіздік ережелері жайлы айтты. Балалардың өмірі мен денсаулықтарының қауіпсіздігі бойынша сөз бастады. Жыл мезгілдеріне сай әр маусымға сай, жұмыс орнында жүргізілетінін айтып есеп берді.

ҚАУЛЫ ЕТТІ:

Еңбек қауіпсіздігін сақтау бойынша нұсқаулықтар
Еңбек қауіпсіздік және еңбекті қорғау жұмыстарының жағдайы. Балалардың өмірі мен денсаулықтарының қауіпсіздігі бойынша жұмыс жүйелі орындалуда.

Екінші мәселе бойынша шаруа меңгерушісі сөз алды. Ол оқу жылындағы өрт қауіпсіздігі ережелерін сақтау бойынша орындалуы туралы сөз бастады. Қызметкерлермен өрт қауіпсіздігі бойынша нұсқаулықтар жүйелі жүргізіліп жатқанын айтты. Қорытындылай отырып шаруа меңгерушісі топтардағы

ұйымдастылығын қауіпсіздік ережесі мен шаралары өз деңгейінде өтіліп жатқанын мәлімдеді.

ҚАУЛЫ ЕТТІ:

Өрт қауіпсіздігі ережелерінің сақтау бойынша нұсқаулар орындалуда.

Үшінші мәселе бойынша қызметкерлердің демалыс кестесін талқылау және бекіту бойынша меңгеруші Ильясова Ж.Қ. кезекті еңбек демалысының кестесін бекітуді ұсынды. Меңгеруші кезекті еңбек демалысының кестесін оқып берді, бір ауыздан бекітілді.

ҚАУЛЫ ЕТТІ:

Кезекті еңбек демалысының кестесі бекітілсін.

Меңгеруші

Хатшы



Ильясова Ж.Қ.

Рахимова Б.